



Сыр бойы



№152
(19830)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

10 қазан /БЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

■ ПРЕЗИДЕНТ

Ынтымақтастық мәселелері талқыланды



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтанға ресми сапармен келген Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі Сергей Лавровты қабылдады.

Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың ауқымды мәселелерін талқылады, сондай-ақ, аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге қатысты пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Сергей Лавровтың Қазақстан астанасына ресми сапармен келуі екіжақты қарым-қатынастарға қосымша серпін беретінін атап өтті. Сонымен қатар Президент Социдегі Валдай форумынан алған әсерімен бөлісіп, жиынның жоғары деңгейде өткенін айтты.

– Біздің елдеріміздің арасында ешқандай күрделі мәселе жоқ. Қазақстан мен Ресей сияқты әріптестер үшін солай болуы да заңдылық. Біз одақтастығымызды бекітіп және дамытуға ниетті стратегиялық әріптестерміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сергей Лавров Мемлекет басшысына Қазақстан-Ресей арасындағы жоғары деңгейде қол жеткізілген келісімдердің жүзеге асырылып жатқаны туралы мәлімет берді. Сонымен қатар ол екі елдің сыртқы істер министрлері келіссөздерінің қорытындысы туралы айтты.

– Біздің пайымдауымызша, байланыстарымыздың дамуы жақсы. Қарым-қатынастарымыздың дамуына жоғары деңгейде берілген серпін, біз үшін барлық бағыттағы өзара іс-қимылдарымызға бағдар болуы тиіс, – деді ресейлік дипломат.

Шетелдік мамандармен кездесті

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазлепрозорий» мемлекеттік мекемесіне – 90 жыл. Осыған орай өңірде шетелдік мамандардың қатысуымен ауқымды конференция өтпек. Кеше облыс әкімі Қуанышбек Бисқаков оған қатысушы меймандармен кездесті.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

– 1953 жылы Қазақ Республикалық лепрозорийінде эпидемиологиялық бөлім ашылды. Біздің дәрігерлер дертті емдеуге сульфондық препараттарды алғаш рет табысты қолданған. Оған қоса жана препараттарды, атап айтсақ, СИБ суспензиясы, пирогенал, ламприн, ацедиасульфон, рифамицин комбинациялық терапиялауды практикаға енгізе алды. Осы сәтті пайдалана отырып, бұл дертпен күресуде ыждағаттылық танытып жүрген дәрігерлерге алғыс айтамын. Сондай-ақ, бүгінгі шараға арнайы Герма-

ниядан келген, Германияның туберкулезге қарсы күрес қауымдастығының мүшесі Романа Драбик ханымға да ризашылығымызды білдіремін, – деді аймақ басшысы.

Кездесуде Романа Драбик осыдан 25 жыл бұрын Сыр өңіріне жұмыс барысымен келгенін айтты. Тың тәжірибесімен бөлісіп, қоғамдастықтың Қазақстанмен 1995 жылдан бері бірлескен профилактикалық жұмысты жалғастырып келе жатқанын алға тартты.

Айта кетейік, Динслакен қаласындағы бүкіләлемдік ала-



Суретті түсірген БЕСЖАНОВ.

пес және туберкулезбен күресу қауымдастығы науқастарға үлкен материалдық көмек көрсетуді жолға қойған. Романа ханым көп жылдар бойы алапес дертін кәсіби халықаралық конференци-

яларды, конгрестерді қаржыландыруға да демеушілік етіп келеді. Бұл ретте облыс басшысы Романа Драбиктің қиындығы мол саладағы тынымсыз еңбегін ерекше атап өтіп, Алғыс хат табыстады.

Мерейлі марапат



Қызылордалық мұғалімдер мен тіл жанапшылары Президенттің Алғыс хатын иеленді. Оларды облыс әкімі Қуанышбек Бисқаков марапаттады.

2017 жылы 5 қыркүйек, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні – Қазақстан халқы тілдерінің күні болып бекітілді. Биыл Тіл туралы Заңның қабылданғанына 30 жыл толып отыр. Заң сол кезеңдегі күрделі қоғамдық-саяси ахуал тұрғысынан қарағанда еліміз үшін үлкен саяси жеңіс болды. Осыдан кейін қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Ал қазан

айының алғашқы жексенбісі Ұстаздар күні ретінде аталып өтіп келеді.

– Айтулы мерекелерге орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып жүрген тіл жанапшылары мен мұғалімдерге Алғыс хатын жолдады. Сіздерді құттықтай отырып, ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге табыс, зор

денсаулық, шығармашылық жетістік, отбасыларыңызға амандық тілейміз, – деді аймақ басшысы.

Марапатталғандар қатарында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Жәніс Сәдуақасұлы, республикалық «Тіл мерейі» газетінің редакторы Миуа Байназарова, айтыскер ақын, Жанакорған ауданының денсаулық сақтау саласы бойынша халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы бастауыш ұйымының төрағасы

Әбілқайыр Сыздықов, Қармақшы ауданындағы №109 орта мектеп мұғалімі Бибігүл Әбдірасылова, Шнелі ауданындағы №45 мектеп-гимназия мұғалімі Мейрамгүл Ережепова және тағы басқалар бар.

– Бұл – біздің ғана емес, тіл мерейін өсіріп, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып жүрген жандардың ортақ табысы. Азды-көпті еңбегіміз еленіп, кәсіби мерекеді бір маркайып қалдық, – деді ұлағатты ұстаз Жәніс Сәдуақасұлы.

«СБ» ақпарат.

■ ТАЛҚЫ

Жалағаштағы қызыл мия зауыты қашан жанданады? Мұнайға қарағанда екі есе пайдалы өсімдік тамырының өндірісі неге тоқтап тұр? Индустрияландыру картасының бірінші және екінші бесжылдығының еншісіндегі осы сияқты жобалар мен оларды жүзеге асыру мәселелері облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қуанышбек Бисқаков қатысқан партиялық тыңдауда сөз болды.

Назерке САНИЯЗОВА.

Әрбір жобаның өміршеңдігі маңызды

Озық технологиямен жабдықталған казак-қытай бірлескен кәсіпорны 2014 жылдың желтоқсанында іске қосылды. Жалағаш ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаевтің айтуынша, «Бис Групп» компаниясының 1,8 млрд теңгелік жобасы 2013 жылы өңірлер кәсіпкерлігін қолдау картасына енгізілді. Мемлекеттік қолдау шарасы ретінде 8,75 гектар жер телімі берілді. 2017 жылы зауытқа құны 115 мың доллар тұратын қондырғылар орнатылды. Сол жылы – 20, былтыр 13,6 тонна өнім Қытайға жөнелтілді.

– Әлемдік нарықта өнім құнының төмендеп кетуіне байланысты кәсіпорын бағытын өзгертті. Сөйтіп, суындар мен тамаққа қосатын тәтті ұнтақ шығаруды қолға алды. Қазіргі кезде Батыс Қазақстан облысынан шикізат қорын жинақтау шаралары жүргізілуде. Ал зауыттың негізгі жұмысы уақытша тоқтап тұр, – деді Қ.Сәрсенбаев.

Талай ауруға ем, малға азық өсімдік тамырының өндірісіне қолдау болғанымен, құлшыныс байқалмайды. Аймақ басшысы осы орайда теңдессіз жобаның аяқсыз қалуын қатаң сынағанды.

– Зауыт іске қосылғалы бері дұрыс жұмыс істеген жоқ. Жоспарланған 156 адамның 6-ы ғана еңбекпен қамтылды. Жылына бір-екі ай өнім шығарып, қалған уақытта бос тұрды. Егістік үшін бөлінген 6 мың гектар жер телімі пайдаланылмаған сон мемлекет меншігіне кері қайтарылды, – деді облыс әкімі.

«Бис Групп» ЖШС өкілі Оңғарбек Мұстафаев та кәсіпорын жұмысындағы іркілістің себебін шикізат бағасының құлдырап кеткенімен түсіндірді. Өйтсе де, аймақ басшысы жалағаштықтар үшін үлкен жұмыс көзі саналатын зауыт жұмысын жандандырудың жан-жақты мүмкіндігін қарастыру қажеттігін атап өтті.

Сонғы екі жылда ауданда өңдеу өнеркәсібі саласы бойынша құны 1 млрд 106 млн теңге болатын 6 жоба іске қосылды, 72 жаңа жұмыс орны ашылды. Олардың қатары жыл соңына дейін тағы ауқымды 2 жобамен толықпақ.

Мәжілісте облыстық кәсіпкерлік және туризм, ауыл шаруашылығы басқармаларының басшылары, Жалағаш және Сырдария аудандарының әкімдері Индустрияландыру картасы аясында атқарылған жұмыс жөнінде есеп берді.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының бірінші бесжылдығында Сырдария ауданында құны 41 млрд 520 млн теңге тұратын 4 жоба жүзеге асырылып, нәтижесінде 206 адам жұмыспен қамтылды. Биыл кәсіпкерлер 2 жобаны жүзеге асыруға ниетті.

Аудан әкімі Руслан Рүстемовтің сөзіне сүйенсек, «Шаған» шаруа қожалығы күршіс ақтау зауытын іске қосқан жағдайда 25 адамға жұмыс табылады. Зауыт құны 60 тонна күршіс ақтай алады. «Ақжарма-2» шаруа қожалығы да осындай зауыт пен шағын пастерленген сүт цехы, жылыжай және бау-бақша өніміне арналған қойма салуға ынта білдіріп отыр. Құны 200 млн теңгені құрайтын жоба жүзеге асырылса, 33 адам еңбекпен қамтылақ.

– Биылғы 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша негізгі капиталға 43 млрд 866 млн теңге инвестиция тартылған. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2 есе көп, – деді Р.Рүстемов.

Облыс әкімі сала басшылары мен аудан әкімдеріне жүзеге асырылуы тиіс жобалардың аяқсыз қалмауын қатаң тапсырды.

– Мәжіліске екінші деңгейлі банк өкілдері қатысып отыр. Сіздерді де бағдарламаларға бөлінген қаражатты игеруде белсенділік танытып, бірге жұмыс істеуге шақырамын. Алдағы партиялық тыңдауларда банктердің өңір экономикасына қосқан үлесін таразылаймыз. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты қатаң бақылауға алу қажет, – деді аймақ басшысы.

«Алтын дән – 2019» салтанатты шарасының БАҒДАРЛАМАСЫ

2019 жылғы 12 қазан (сәбі)
Қызылорда қаласы

8.00 - 13.00 – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңесі
11.00-12.00 – Ауыл шаруашылығы өндірісінің озықтары марапаттаудың «Алтын дән – 2019» салтанатты шарасы.
(Н.Бекежанов атындағы драма театры).

Қызылорда қаласында өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңесінде аудандардың орналасу орындары

Арал ауданы
С.Торайғыров көшесінің бойы.
(«Шұғыла» балабақшасының алды).

Қазалы ауданы
Ғ.Мұратбаев көшесі мен Қ.Ясауи көшесінің қиылысы.
(«Шұғыла» мәллек ауданы).

Қармақшы ауданы
«Журба» көшесінің бойы.
(Сахи Романов және Саламатов көшелерінің аралығы).

Жалағаш ауданы
Ә.Қашаубаев және Жетікөл көшелерінің қиылысы.
(Титов қыстағы).

Сырдария ауданы
Жанқожа батыр көшесі.
(Реалбаза алдында).

Шнелі ауданы
Тасбөгет кенті
(Кенттің орталық алаңы).

Жанакорған ауданы
Астана даңғылының бойы.
(Е.Көшербаев және А.Иманов көшелерінің аралығы).

Қызылорда қаласы
С.Толыбеков көшесінің бойы
(Е.Әуелбеков және М.Әуезов көшелерінің аралығы).

Ұлттық спорт түрі
14.00-15.30. Қалалық ипподром
– Ат жарыстарының салтанатты ашылуы
1) Тай бәйге – 5 шақырым
2) Құнан бәйге – 7 шақырым
3) Тоқ бәйге – 16 шақырым
4) Аламан бәйге – 25 шақырым
– Жарыстың аяқталуы.



БАСПАСӨЗ – 2020
6 айға жекелеп үшін /3000 тт.
Мекемелер үшін /4000 тт.

Азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға қала әкімі Н.Нәлібаев пен жауапты басқарма басшылары да қатысты.

Азаматтарды қабылдау үзіліссіз 8 сағатқа жуық жүргізіліп, 70 адам аймақ басшысының қабылдауында болды. Келгендердің негізгі мәселесі – тұрғын үй, әлеуметтік қорғау, білім және денсаулық салаларына қатысты.

– Соңғы жылдары қаламызда 15 жаңа шағын аудан бой көтеріп, 7 мыңнан астам қызылордалық баспаналы болды. Осы жылы тұрғыны төмен көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін «Баламекен» жобасы аясында Болат Өтемұратовтың жеке қорының демеушілік қолдауымен 100 отбасы тұрғын үймен қамтылды. Сондай-ақ, бүгінде Сырдарияның сол жағалауында 25 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, кілті табыс-



талды, – деді аймақ басшысы.

Кезекте тұрған азаматтар үшін баспана заңға сәйкес кезең-кезеңмен беріледі. Баласы I топтағы мүгедек екенін, үй кезегінде 13 жыл бойы тұрғандығын айтқан Роза Асқарова кезегінің жақындағанын білмей, пәтер сұрап келген. Аймақ басшысы Р.Асқароваға кезегі келіп,

Сырдарияның сол жағалауынан пәтерлі болғандығын айтып, қуантты. Баспаналы болған ана облыс әкіміне алғысын жеткізіп, ризашылығын білдірді.

Қабылдауға келген бір топ ақсақалдар Сырдария ауданы, Айдарлы ауылындағы аяқ су мәселесі және каналдардың қоқысқа толып, таза-



ланбай тұрғанын көтерді. Қуанышбек Досмайылы келесі жылы егін маусымына дейін каналдарды тазалап, аяқ су жеткізу мәселесін шешуді жауапты сала басшыларына тапсырды.

Жеке мәселе ғана емес, түгел ауылының, облыс орталығында өзі тұратын шағын аудан, көшелерінің мәселесін көтеріп қоғамдық ахуалды

айтқан азаматтар да сұрақтарына жауап алды.

Облыс әкімінің қатысуымен дәл осындай қабылдаулар алдағы уақытта да өткізілетін болады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ

АӘК шарттары өзгереді



Ел ішінде көп талқыға түскен тақырып атаулы әлеуметтік көмек төңірегінде. Быылдан бастап көлемі артқан АӘК талай отбасының тұрмысын жайлы, қазанын майлы ете бастады. Десе де, сұрақ көп. Әлеуметтік желіде «АӘК беру тоқтатылады» деген де қауесет бар. Бірақ, бұл – алыпқашпа сөз, жалған ақпарат. Жақында Үкімет отырысында айқындық, әділеттілік, еңбекке ынталандыру қағидаттарына негізделген атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдері қаралды. Осыған орай өңірлік коммуникациялар қызметінде брифинг өтіп, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев тақырыпты тартатын берді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Бір дүние белгілі, АӘК беру тоқтатылмайды, тек көмек көрсетудің жаңа тәсілдері енгізілмек. Баспасөз мәслихатында АӘК-тің берілу тәсілінен бөлек, қаржыны айдың қай уақытында алуға болатыны, көпбалалы аналардың жұмысқа орналасып не бизнес бастауы үшін сәбидің жасы қаншалықты әсер ететіндігі, АӘК тағайындалу уақыты және комиссия құрамы туралы айтылды.

Атаулы әлеуметтік көмектің негізгі мәні – аз қамтылған отбасыларды қолдау. Сондай-ақ, отбасы мүшелерін жұмысқа орналастыру, өз бизнесін ұйымдастыруға көмектесу және жұмыспен қамтудың басқа да түрлері арқылы табысын арттыруға бағытталған. Бір сөзбен айтқанда, көмекке мұқтаж шаңыраққа қолдау көрсетіп, аяққа тұрғызу.

Биыл облыста АӘК алушы отбасылар саны 6 есеге артыпты.

– 2018 жылы АӘК жан басына шаққанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50 процентінен төмен отбасыларға осы мұқтаждық шегі мен жан басына шаққандағы табыстың айырмасы ретінде отбасының өз мүшесіне төленді. Өткен жылы отбасына шаққанда шамамен 14 142 теңгеден табысы кем болғандарға төленіп келді. Ал, биылғы I сәуірден бастап жаңа формат енгізілді. Негізгі айырмашылық мұқтаждық шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50 процентінен төмен жан басына шаққандағы табысы бар отбасылар құқылы болды.

Әрбір көмекке толмаған отбасы мүшелеріне және 23 жасқа дейінгі студент балалары болған жағдайда 20789 теңге көлемінде кепілдендірілген төлем төленіп келе жатыр. Қазір 9 айдың өзінде облыс бойынша 30 мыңнан астам отбасына, оның ішінде 146 мыңнан астам мүшесіне АӘК төленді, – деді Талғат Дүйсебаев.

Бүгінде облыс бойынша бір отбасыға орташа есеппен 86 мың теңге беріледі. Оның ішінде айына 150-160 мың теңгеден алып отырған отбасылар да бар екен.

– Отбасында қаншалықты адам көп, соншалықты АӘК алуға мүмкіндік те көбейіп отыр. Дегенмен, айта кету керек көмекке мұқтаж азаматтардан бөлек түрлі себептермен табыстарын жасыру, ажырасу, тұрақты мекен-жайларын ауыстыру, жалған тіркеуге тұру фактілері көбейіп кетті. Беріліп жатқан көмек бейқамдыққа, масылдыққа да жағдай жасап отыр. Сондықтан, бізге бір емес, бірнеше рет тексеруге тура келді. Мұндайда, әрине шын мұқтаж отбасылар ренжиді. Бірақ әлгідей жағдайлар қайта тексеру қажеттігін айқындап кетеді. Қазір облыс бойынша 3600-ден аса отбасы өзінше нақты табысын жасырғандығы анықталды, – деді Т. Дүйсебаев.

Халық арасындағы АӘК-нің берілу уақытына қатысты да түсінбестік бар. Айталық, отбасы иелері қазан айы басталса, қаржы бірден қолдарына тигенін қалайды. Тіпті, «маған бұл айда қаржы берілмейтін болар» деп мазасызданатындар да бар. Айта кету керек, бастапқы ереже бекітілгенде АӘК қай кезде төленуі керектігі көрсетілмеген. Ал, осы жылдың 26 тамызында Еңбек және әлеуметтік

қорғау министрлігінің бұйрығына өзгерістер енгізіліп, АӘК тағайындалған айдан кейінгі айдың 10-на дейін төленуі керек деп нақты уақыты белгіленген. Соған байланысты қаржы әр айдың 10-на дейін төленеді.

Сөз басында айтып кеткеніміздей, 2020 жылдан бастап АӘК тоқтайды екен деуге негіз жоқ. Керісінше бұл көмектің негізгі 3 бағыты айқындалды.

– Мемлекет бірінші кезекте балаларға және көпбалалы отбасыларға көмектеседі. Ал, еңбекке қабілетті азаматтар жұмыс істеуі керек. Сондай-ақ, жұмысқа орналасуға немесе кіші бизнеспен айналысуға тиісті жағдай жасалады.

Бірінші бағыт бойынша көпбалалы отбасыларды жеке санатқа шығару және оларға кепілдендірілген мемлекеттік жәрдемақы ұсыну пысықталуда. Көпбалалы бұл – көмекке толмаған төрт не одан көп баласы бар отбасылар. Егер бала студент болса, онда 23 жасқа дейін кепілдендірілген төлем қарастырылады. Айта кетейік, төрт баласы бар отбасыларға 42 500 теңгеден, (отбасы мүшелеріне емес, отбасына), бес баласы барларға 53 125 теңгеден, алты баласы барларға 63 750 теңге, жеті және одан жоғары балалары бар отбасыларға 73 375 теңге белгіленбек, – деді басқарма басшысы.

Бұл жерде бастысы отбасының көпбалалы болуы, сондықтан бұл қаржылай көмек үшін отбасының табысы қаралмайды. Мұндайда, «көпбалалы емес, бір-екі баласы бар, бірақ әлеуметтік жағдайы төмен болса, АӘК беріле ме деген сауал туындайды. Екінші бағыт – осы мәселенің шешімі.

– Екінші бағыт бойынша АӘК аз қамтылған отбасыларға төленеді. Отбасының барлық мүшелеріне кездейлік шегі мен отбасының жан басына шаққандағы орташа табысының арасындағы айырмашылық ретінде тоқсан сайынғы АӘК тағайындалады. Отбасы құрамында жұмысқа қабілетті мүшелері болса, жұмыс істеуі керек. Егер жұмысқа қабілетті отбасы мүшелері жұмыс істеуден бас тартатын болса, балаларға да, бұл отбасыға да жәрдемақы төленбейді. Не

үшін? Бұл отбасы иелерінің өз отбасына деген жауапкершілігін арттыру үшін жасалып отыр, – деді Т. Дүйсебаев.

Сондай-ақ, көпбалалы аналарға қайтарымсыз негізде гранттар тағайындау да қарастырылған. Өткен жылдары 100 АЕК болса, биылдан бастап 200 АЕК, яғни, 505 мың теңге қайтарымсыз негізде өз кәсібін бастау үшін қаржы берілмек. Мұнан бөлек шағын көлемдегі несиесі де беру де қарастырылған.

Қазір 6 проценттік үстемәкпен несиесі алып жатса, 2020 жылдан бастап аз қамтылған отбасыларды қолдау мақсатында 4 процентке төмендейді.

Тұрғындар арасында бизнес ашып, жұмыс істеу үшін балалардың жасы маңызды ма деген сауал бар. Қазіргі заңнамаға сәйкес, анасы 7 жасқа дейін бала күтімімен отырса, жұмысқа ешкім мәжбүрлемейді.

Бірақ 2020 жылдан бастап 3 жасқа дейін төмендетіледі. Сонымен қатар, басқарма басшысының айтуынша, мемлекет тарапынан балаларға тамақ пен қосымша қолдаулар қарастырылған.

Үшінші бағыт – аз қамтылған отбасылардағы балаларды кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету. Мектеп жасына дейінгі балалар тамақпен, гигиеналық құралдармен қамтылса, мектеп жасындағы балаларға ыстық тамақ, мектепке қажетті құрал-жабдық, киім-кешек беріліп, күнделікті тегін жол жүру жөнделдіктері ұсынылмақ.

Қазір АӘК шартсыз көмек алушыларға 6 айға және шартты көмек алушыларға 12 айға дейін тағайындалатыны белгілі. Ал, 2020 жылдан бастап әлеуметтік көмек 3 айға ғана тағайындалатын болады. Себебі, үш айда отбасы құрамында және табыс көлеміне қатысты өзгерістер болуы мүмкін. Бұл – АӘК-ні заңсыз тағайындамауға жасалған бірден-бір қадам.

Сондай-ақ, қала әкімінің орынбасары Бектас Нуриддиновтің айтуынша, атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру жөніндегі комиссия құрамына енді ветеринар, учаскелік полиция сынды мамандар да қосылатын болады.

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Абдусаметов Президент Жолдауынан туындаған міндеттерді орындау барысында салада атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы айтты.

Айнұр БАТТАЛОВА.

«Медицина – пациент» жобасы: Бірлескен іс нәтиже береді

Басқарма басшысының айтуынша, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген шеңберінде қызмет көрсететін жекеменшік медицина ұйымдарының саны жылдан жылға көбейіп келеді. Биылғы жартыжылдықта олардың үлесі 52,3 процентті құраған. «Қызылорда облысының 2019-2026 жылдарға арналған өңірлік перспективалық жоспары» бекітілді. Онда денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымын дамытуда бюджет есебінен және жеке инвестиция тарту арқылы 2026 жылға дейін 81 млрд теңгеге 107 нысанның құрылысын салу мен жөндеу жоспарланған.

Бүгінде медициналық көмек көрсету де «Медицина – пациент» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл – науқастарды қатыстыру арқылы жүргізілетін ауруларды басқару бағдарламасы.

– Жоба негізінде диспансерлік есепте тұратын науқас өз ауруына байланысты медицина қызметкерінің көмегімен емін бақылауда ұстайды. Қазіргі кезде қант диабетімен, созылмалы жүрек ауруымен және қан қысымымен диспансерлік есепте тұратын науқастармен медицина қызметкері арасында әлеуметтік-ынтымақтастық келісімі жасалуда. Медицина қызметкері науқасқа қажетті медициналық тұрғыда көрсетілетін барлық көмек, оның ішінде уақытылы тексерілуі, тегін дәрі-дәрмекпен қамтылуы, жоспарлы емделуі, зертханалық тексерулерін қамтамасыз етеді. Ал науқас өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, дәрігерлік нұсқауларды бұзбайтынын орындауға тиіс. Қазір жобаға аталған 3 нозология бойынша 19030 пациент қатысып отыр. Қазіргі таңда тілек білдірушілер аймақтық дәрігерімен бірлесіп жұмыс жасай алады, – деді басқарма басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сын-дарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында ана мен

бала денсаулығын нығайту және келер жылдан бастап енгізілетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға байланысты тапсырмалар берген болатын.

– Ана мен бала денсаулығын қорғау – Мемлекет басшысының назарында тұрған басым бағыттардың бірі. Жолдауда бұл туралы нақты міндеттер қойылып, тапсырмалар берілді. Жалпы, ана мен сәби саулығын сақтау – саладағы негізгі бағыт. Біздің аймақ республикада алғашқылардың бірі болып халықаралық ұйымдармен (ДДСҰ; ЮНИСЕФ) бірлесіп, 2017 жылдан бастап пилоттық режимде, ал бытырдан бастап барлық жүкті әйелдер мен 0-ден 5 жасқа дейінгі балаларға арналған патронаждық қызмет көрсетудің әмбебап-прогрессивті моделін енгізді. Бірлескен істің нәтижесінде нәресте өлімі себептерінің ішінде үйде қайтыс болу жағдайлары – 24%-ке, жазатайым жағдайлардан қайтыс болу 44,1%-ке азайды, – деді басқарма басшысы.

Сондай-ақ, облыстың аймақтық ерекшелігі ескеріле отырып, әйелдерді жүктілікпен тіркелген уақытында және жүктіліктің 30-аптасында жаппай электрокардиограмма түсіру міндеттелді. Бұрын білінбеген жүректің туа, жүре пайда болған ақаулары мен жүрек ырғағының түрлі бұзылыстары анықталған жағдайда әйелдердің мамандар кенесіне жүгінуге және жоғары мамандандырылған медициналық көмек алуына мүмкіндік туды.

Брифингте сондай-ақ, келер жылдан бастап енгізілетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне дайындық барысы туралы да айтылды. Жаңа жүйенің маңызды мен ерекшелігі, ол бойынша көрсетілетін медициналық көмектер, жүйеге қатыстырылатын азаматтар тобы туралы қаншама ақпараттық-насихаттық жұмыс жүргізілетініне қарамастан, аймақта әлі де 26 мыңнан астам азаматтың мәртебесі анықталмаған.

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Ұлт денсаулығын демей – игілікті іс

Денсаулық – жеке бастың ғана емес, ұлттық ұстанымымыздың ұлы игілігі, бүкіл қоғамның құндылығы. Содан да, қазак әу бастан: «Бірінші байлық – денсаулық» деген. Халық денсаулығын сақтау мен аурулардың алдын алу, емдеу бағыттары – мемлекеттік, әлеуметтік, экономикалық мәселе. Кең-байтақ елімізде азаматтардың дене және рухани жағдайы дамуына қолайлы жағдай жасау, жалпыға бірдей тегін, сапалы медициналық көмек көрсету – тәуелсіз мемлекетіміздің аса маңызды міндеттерінің бірі. Бұл туралы біздің Конституциямызда кең көлемде жазылып, Үкіметтің қаулы-қарарлары қабылданып келді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында еліміздегі көптеген көкейтесті мәселелердің ара-жігі ашылып, оны тиімді шешу жолдары нақтыланды.

Президентіміз денсаулық сақтау саласына жеке тоқталып, әсіресе, ана мен бала, жасоспірмдерге медициналық қызмет көрсету, олардың спортпен айналысуына көңіл бөлу керектігін айтты.

«Қамқорлығыңда мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Тек ресми статистика бойынша 80 мыңнан астам бала мүгедектігіне байланысты есепте тұр. ...Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді», – деді Мемлекет басшысы. Сондай-ақ, медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімдігін қамтамасыз ету, әсіресе, ана мен сәби өліміне қатысты көрсеткіштердің өңірлік төңірегіндегі айқын көрінетінін атап өтті.

Осы тұрғыда біздің Сыр өңіріндегі кейбір денсаулық сақтау мекемелеріндегі халыққа медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен мәдениетінің әлі де сын көтермейтінін, күні кешеге дейін денсаулық сақтау саласының сенімді құрамдық бөлігі болып келген фармацевтикалық өзектілігін атап өтуге тура келді.

«Әрқайсысыңызға мына нәрсені айтқым келеді: мемлекет тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін сақтайды. Оны қаржыландыруға алдағы үш жыл ішінде 2,8 трлн теңгеден астам қаржы бөлінеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың жүзеге асырылуы медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімдігін жақсартуға бағытталған. Үшжылдық бюджет аясында денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосымша 2,3 трлн теңгеден астам қаржы бөлінеді. Үкімет әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің бөліне тағы да нұқсан келтіруге үшін оны жүзеге асыру мәселесіне зор жауапкершілікпен қарауы қажет. Біздің қателесуе құқымыз жоқ», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлының осындағы қыруар қаржының денсаулық сақтау саласына бөлініп, жалпы халықтың денсаулығына, оның ішінде медицина саласының дамуына демеушілік жасауға бағытталған игі бастамасы – кіуана қолдауға тұрақты игілікті іс.

Амангелді СУХАНБЕРДИЕВ, дәрігер-хирург, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі.

ЭКОНОМИКА

Азық-түлік нарығын тұрақтандыру

Қазақстан тауар өндірушілеріне жаңа мүмкіндіктер ашады

Биыл Қазақстан Ұлттық банк инфляция дәлізін 4-6 процент аралығында бекіткен болатын. Бірақ соңғы уақытта Президент пәрменімен әлеуметтік қолдау бағытында бөлінген миллиардтаған теңгелер тұтыну рыногына қысым жасап, қазірдің өзінде инфляция көрсеткіші өсті. Жыл соңына дейін азық-түлік бағасы жоғарыда айтылған себепке байланысты біршама қымбаттайды. 2020 жылдың басынан оның әсері біртіндеп азаяды. Бұл азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы қызметтер бағасының көтерілуі үдерісін үдетеді. Жуырда жария етілген Ұлттық банктің тоқсандық есебінде осындай болжам бар.

Жалпы, рыноктық қатынастарда биліктің бағаны реттеуге араласуы тиімділік бермейді. Бірақ алаңсыз барлығын бетімен жіберуге және болмайды. Бұл орайда жаңадан құрылған Сауда және интеграция министрлігі азық-түлік тапшылығы мен қымбатшылығына қарсы қызу күресіп жатқаны байқалады. Жуырда Үкімет отырысында ведомство басшысы Бақыт Сұлтанов Премьер-Министрге бірақтар ұсыныс айтып, бағаны түсірудің амалдарын ұсынды.

Министрдің ұсынысына орай, Үкімет әлеуметтік маңызды 10 түрлі тағам бағасына бақылауды күшейтіп, саудагерлердің 15 пайыздан артық үстеме қосуына тыйым салуға және дүкендердегі тауарлардың кемінде 30 пайызының отандық өнім болуын қадағалауға келісті. Әрине мұның бәрі нарықтық экономиканың заңдылықтарына топақ келетін «мемлекеттік менеджмент» екені түсінікті. Дегенмен, халықты қымбатшылық қысқанда Үкімет нарықтың заңдылықтарына бас қатырып жатпайтыны анық.

Ұлттық банк сарапшыларының мәліметінше, орта мерзімді болашақта инфляция біртіндеп төмендейді. Өзара сауда жасайтын әріптес елдердегі инфляцияның бекітілген дәлізде сақталуы теңге үшін де оң әсер етеді. «Болжамдық шекте сыртқы инфляциялық ахуал жақсарыды деп күтілуде. Негізгі сауда әріптестерімізде инфляцияның көрсеткіштері өздерінің нысаналы бағдарына жақын болады. Еуропалық одақта инфляция болжамдық кезеңнің соңына дейін қазіргі деңгейден көп алшақтамайды. Экономиканың қалыптасуы оң қарқыны, ұлттық валютаның біршама берік бағамы, сондай-ақ энергия тасымалдаушылар бағасы оны төмендетуге ықпал етеді деп күтіледі» деп жазды Ұлттық банк.

Ал Қытайдағы инфляция юанының АҚШ долларына қатысты бағамының әлсіреуі аясында 2020 жылдың ортасына дейін бұрынғы болжамнан жоғары болып, 2,2%-ке дейін жетпек. Ессесіне Ресейдегі инфляция Орталық банкінің мәліметі бойынша, 2019 жылдың соңында 4-4,2 процентке шамасында сақталмақ. Солтүстіктегі бағаның баяу өсуі ішкі және сыртқы сұраныстың әлсіздігіне байланысты қалыптасуда.

Нарықтық экономика жағдайында еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыратын бірден-бір сала – ауыл шаруашылығы. Қазақстан стратегиялық даму бағдарламасы бойынша әлемдегі азық-түлік өнімін өндірушілер арасында жетекші елдердің бірінен саналады. Бұл туралы мемлекеттің 2017-2021 жылдарға арналған Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасында да кеңінен қамтылған.

Былтыр Буэнос-Айресте өткен Үлкен жиырма елдері G20 ауыл шаруашылығы министрлерінің кездесуінде «бірнеше жылдық әлсіреуден кейін, 2016 жылы әлемдегі ашық қалып, қазіргі уақытта одан 815 млн адам зардап шексе, 2 миллиард адам күнделікті тұтынуға қажетті өнімдердің тапшылығын сезініп отыр» деген қорытынды мәлімдеме жасалған болатын. Қазіргі таңда Жер шарының әрбір жетінші тұрғыны аштықтан зардап шегіп отыр. Бұл мәселе жүздеген миллион адамды тарықтырғанымен қоймай, адамдардың денсаулығы мен өміріне айтарлықтай қауіп төндіреді.

БҰҰ есептеуі бойынша әлемдегі ашық пен кедейшілікті түптамшырымен жою, білім беру мен денсаулыққа теңдей қолжетімділікті арттыру және тұрақты экономикалық өсімді қалыптастыру үшін жылына 4,5 млрд доллар қажет екен. Қазіргі таңда әлем халқы 7 млрд-қа жетсе, 2040 жылы 9 млрд-қа дейін өседі деген болжам бар. 2030 жылға қарай қазіргі кезеңнен салыстырғанда азық-түлікке қажеттілік 50%-ке, ал энергияға сұраныс 45%-ке өседі. Осы ретте ғалымдар 3 млрд адам ашық пен кедейшілікке ұшырайды деп дабыл қағып отыр. Бүгінгідей беталыспен ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс 2030 жылы 1,3 есеге өседі. Ауылшаруашылық өнімдеріне деген сұраныстың артуы әлем бойынша жана ауылшаруашылық жерлерді пайдалануды талап етіп отыр. 1980-2010 жылдары жер ресурстарының тапшылығы тыңайтқыш пен пестицидтерді қолдануды арттыру арқылы қалпына келтіріліп отырды. Ал әрі қарай ауылшаруашылық жерлерді кеңейту көптеген елдерде шектеулі болып отыр, яғни егін және мал шаруашылығына қажетті жерлер барған сайын азайып барады.

Осы мақсатта белгілі ғалым Сансызбай Абылай Қазақстан Жер шарының 1 млрд тұрғынын азық-түлікпен қамтамасыз ете алады деген тұжырым жасады.

Кез келген жоба инвестиция тартудан басталады. Бір кереметі – Израил мемлекеті осы ішектің жүзеге асыруға, қаржылай қолдау көрсетуге қатты қызығушылық танытып отыр. VP Group басшысы Владимир Полевой БҰҰ-ның азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының Қазақстан Республикасындағы органикалық ауыл шаруашылығы бағытын дамыту мүмкіндіктері туралы тұжырымдамасымен танысып, VP Group консорциумы өзін аталған жобаға қажетті озық технологиялар мен қаржы ресурстарын табуға мүмкіндіктері бар екендігін жеткізген. Ендігі жерде шетелдік компания осы жобаны жүзеге асыруға қазақстандық ғалымдар мен мемлекет тарапынан қолдау күтіп отыр.

Профессор Абылай Рысбайұлының айтуынша, Қазақстан айналымға игерілмеген, яғни химиялық өңдеуден өтпеген және тиімсіз қолданылған 100 млн гектар жерді ұсына алады. Бұл – жерді сату емес, жалға беру де емес. Жергілікті фермерлерге субсидия беріледі, келесі жылға егу үшін тұқымды инвесторлар әкеліп береді.

Бұл бағытта шетелдіктер зондау технологиясын қолданатынын да ескеруіміз керек. Ғарыштан жердің ылғалдылығы қандай, не ексе болады, қандай өнім жақсы шығады, қанша өнім береді деген мәселелерді анықтайтын технология бар.

Бұл – егін шаруашылығын дамытуда өте қажетті технология. Ал мал шаруашылығымен айналысуға келсек, қандай және қанша мал қажеттігін фермерлер айтады, мал басын инвесторлар әкеледі. Бір жылдан кейін жаңа туған еркек бұзауларын етке алады, ал ұрғашы бастары келесі жылға мал басын көбейтуге қалады. Бұл асылтұқымды мал шаруашылығымен айналысуға да өте тиімді, әсіресе Қазақстан үшін маңызды – сүтті бағытты дамытуға мүмкіндік береді.

Біз жоғарыда инвестордың дайын екендігін айтып өттік. Ендігі кезек мал және егін шаруашылығына арналған жерді анықтау және дайындау болып табылады. Осыдан соң инфрақұрылымы жасалып, құжаттары рәсімделіп, жергілікті фермерлер іріктеліп, оқудан өтеді.

Енді бұл жоба Қазақстанға не береді деген мәселеге тоқталасқ. Ең алдымен, жобаны іске асырудан түскен жылдық табыстың 10%-і ашық пен кедейшілікті жою мәселелерімен айналысатын Халықаралық Қорларға аударылады. Ал, ең бастысы, Қазақстанның 100 млн гектар ауылшаруашылыққа пайдалы жері игеріледі. Игеріледі дегеніміз, мыңдаған жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Осыдан келіп еліміздің аграрлық сала-сына инвестиция тарту жеңілдейді. Сонымен қатар елдің ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі артып, республикалық және жергілікті бюджет салық есебінен көбейеді. Осының барлығы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауда айтқан келесі міндеттерімен ұштасып жатыр. Мұндай жағдайда Қазақстан шетелдік біліктілігі жоғары мамандарды да жұмысқа тарта алады. Келетін кезеңде қажетті шаруашылық, дикандық және фермерлік шаруашылықтар тартылады. Бұл өз кезегінде урбанизацияны тежеп, шаруашылықпен, кәсіппен айналысам деген жастарға жаңа мүмкіндіктер береді. Жобаны жүзеге асыру аясында сапасы жоғары, экологиялық таза, ұзақмерзімді негізгі әлемдік стандарттарға сай қазақстандық өнімдер бренді қалыптасады.

Елімізде бос игерілмей жатқан жерлер туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Елімізде егістікке жарамды 16 миллион гектардан артық алқап игерілмей жатыр. Ал жайылымдық жерлердің тек 40 проценті ғана мақсатты пайдаланылуда», – деген болатын.

Игерілмей жатқан жерді тиімді пайдалану Қазақстанның әлемдік нарықтағы орнын айқындай түседі. Сонымен қатар бұл Қазақстанның ішкі нарығын азық-түлікпен қамтамасыз етеді де, отандық өнімдердің екінші тынысы ашылып, ендігі жерде экспорттық әлеуетті дамытуға болады.

Қорыта айтқанда, әлем халқын азық-түлік жетіспеушілігі мен кедейшіліктен сақтау сынды ауқымды ғаламдық мәселені Қазақстан Үкіметі әлемдік деңгейдегі экономикалық, қаржы және технологиялық институттармен тығыз қарым-қатынас орнату отырып шешуі тиіс. Бұл ішкі рынокта қалыптасқан проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Әзірлеген
Ж.ӘЛМАХАН.

Қазіргі заманның экономикалық тарихы жеке бір елдің немесе бір аймақтың даму ерекшеліктерін зерттеумен шектелмейді. Жаһандық әлеуметтік-экономикалық өзара байланыстарды зерттеу барысында көп жағдайда жаңа және қазіргі заман тарихы материалдарына сүйенеді. Ежелгі дүние экономикасының тарихы шеттәлітіндіктен сол кезеңдегі әлемдік экономика тарихы терең зерттеулерден тыс қалады немесе біржақты сарапталыды.

Ұлы Жібек жолы біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан XV ғасырға дейін Еуразия елдерін біркелкі біртұтас экономикалық жүйеге біріктірген керуен сауда жолы еді. Бұл сауда жолы жеті мыңнан астам шақырымға дейін созылып, индустрияға дейінгі қоғамдағы ең ұзақ кезеңді қамтыды. Керуен жолы түрлі өркениеттер мен әлеуметтік-экономикалық жүйелерді байланыстыруда маңызды рөл атқарып,

ішінде скифтер, ғұндардың Аттиласы, түріктер мен тибеттіктер, Шыңғыс хан мен монғолдардың шарықтауы мен құлауын сипаттайды. Сонымен қатар, парсылар, гректер, арабтар, қытайлықтардың жаулауына қарамастан, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан елдердің Орталық Еуразияда мыңдаған жылдар бойы экономикалық, ғылыми және өнерде көшбасшы болғанының себептері түсіндіріледі. Жібек



керуен жолының өз тарихында 50-ден астам елді байланыстырған маңызды рөлін баяндайды. Авторлардың айтуынша, осы ежелгі сауда жолын қайта

Ұлы Жібек жолының даңқы



әлемдік экономиканың заманауи жүйесі мен жаһандандудың іргетасы бола білді.

Ресейлік ғалым Ю.Латовтың пікірінше, Ұлы Жібек жолы барша ғылыми қауымдастыққа белгілі, бірақ осы уақытқа дейін толық зерттелмеген. Оның пікірінше, көбінесе бұл феномен сауда тарихы немесе мәдени байланыстар шеңберінде қарастырылады. Автордың ұсынысы бойынша Ұлы Жібек жолына институционалды экономикалық тарих тұрғысында қараған жөн.

Жалпы Ұлы Жібек жолы ұғымы тарих ғылымдарына XIX ғасырда енді. 1877 жылы неміс саяхаттанушысы және тарихшысы К.Риктгофен «China» еңбегін жазып, шығыс елдеріндегі сауда жолын алғаш рет «Жібек жолы» деп атаған.

Жалпы әлемдік ғылыми әдебиеттерде Ұлы Жібек жолына байланысты еңбектер өте көп. Мәселелердің жан-жақты қарастырылғанын төмендегі талдаудан байқауымызға болады. Бес мың жылды қамтыған Фрэнсис Вудтың 2004 жылы жарық көрген еңбегінде британдық кітапхана мен өзге де музейлердегі фотосуреттер, қолжазбалар мен суреттер Жібек жолының тарихы мен мәдениетінің жалпы белгілерін танытады. Танынау зерттеушілер Штейн, Хедин мен Маннергеймнің бұрын жарияланбаған суреттері де осы еңбекте берілген.

Е.Кузьминаның 2008 жылы ағылшын тілінде Пенсильвания университетінің баспасынан шыққан «The Prehistory of the Silk Road» зерттеу жұмысы да қызықты. Еңбек қола дәуірі мен ежелгі темір дәуіріндегі бүкіл Еуразияны қамтиды. Автордың пайымдауынша, осы кең аймақтың ежелгі тұрғындарының өркениет тарихына қосқан үлесін бүкіл әлем мойындайды. Ескі дүние тарихындағы маңызды құбылыстарының бірі Ұлы Жібек жолы ежелгі дүние мен ортағасырларда Қытай, Еуразиялық дала, Орталық Азия, Үндістан, Батыс Азия мен Еуропа арасындағы сауда жолын байланыстырып, кейін Византия империясы, Венеция және оның шеткері аймақтарына жеткендігін баяндайды.

Ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейінгі Орталық Еуразияның тарихы жазылған Кристофер Беквиттің «Empires of the Silk Road» 2011 жылы жарық көрген іргелі еңбегінде ірі аймақтың пайда болуы, тарихы және осы кезеңдегі маңыздылығы зерттеледі. Ғалым ұлы орталық-еуразиялық империялардың, оның

жаңғырту қазіргі таңда саясаткерлер арасында талқылануда. Заманауи Жібек жолын жаңғыртуға ұсынылған және жүзеге асырылған бірнеше жобалар ретінде, оның ішінде Баку, Тифлис және Карс арқылы Әзербайжан, Грузия мен Түркия арасындағы темір жол жобасы, Босфор бұғазы, Мәрмәр теңізі арасындағы суасты темір жол туннелі, Қытай ұсынған Жібек жолының экономикалық белдеуі және т.б. айтылады. Ғалымдардың пікірінше, бастапқы Ұлы Жібек жолы тек керуендер мен сауданың жолы ғана емес, ғасырлар бойы адамзатқа қызмет жасаған мәдени, діни және философиялық алмасулардың тоғысқан орны болған. Оның жаңғыртудың бүгінгі заманауи бастамаларын бүгінгі заманауи жолының көздеген мақсаты секілді шығыс пен батыс өркениеттері арасындағы көпір ретінде қаралауы керек. Жаңғыртылған Жібек жолы тарихта үйлесімділігі танылған елдер арасындағы қатынастарды бекітуге ықпал жасайды. Ұлы Жібек жолын құрайтын теміржол, көлік құралдары, трансұлттық қапалар мен табиғи газдың құбыр желісі аймақты түрлендіріп, олардың экономикалық өркендеуіне жол ашады.

ДНҚ, адамның шығуы мен миграциясы туралы еңбектердің бірінде Ұлы Жібек жолы да талданады. Жабайы тұт ағашының жібек құртын қолға үйрету және жібек көбейткі жасанды сұрыптау арқылы жібек әлемдік бұйым, байлық пен әсемдіктің символына айналды. Жібек дала жолдарын жібек жолына айналдырған негізгі фактор бола білді. Ұлы Жібек жолында тек жібек қана тасымалданбады, бұл жолда керамика, шыны, бағалы металдар, үй жануарлары, тоқымалар, дәмдеуіштер, бидай, көкөністер, жемістер, мал терісі, құралдар, ағаштан жасалған бұйымдар, металл құрастырылымдары, діни нысандар мен өнер туындылары тасымалданды.

Бір жағынан, бұл жолда бубон обасы, түйнеме мен алапес секілді індеттер де таралды. Орталық Азияның кең территориясына Тибет пен көршілес елдердің жаулаушылығы барынсызда жойыла бастады. Монғол империясы құлағаннан кейін Ұлы Жібек жолы кезекті рет құлдырады. Ұлы географиялық жаңалықтар дәуіріндегі суропалық державалардың жылдам теңіз жолдары Жібек жолына соңғы соққысын жасады.

Расында, Ұлы Жібек жолы тек сауда керуені ғана емес, ол түрлі тарихи кезеңдер мен мезгілдердегі барлық аймақтардың мәдени-ағартушылық байланыстарын құрған жүйе. Керуен жолы арқылы адамзат тарихында мәдениеттер арасындағы жақындасу орын алып, мәдени құрамдастардың үйлесуі жүзеге асты. Еуразияның негізгі мәдени орталықтарын біріктірген жолдар уақыт сұранысына қарай өзгеріп отырды. Ұлы Жібек жолы қазіргі түсініктегі жаһандандудың да іргетасы бола білді. Түрлі саяси факторлардың әсері, теңіз жолдары рөлін арттып құрлық транзитіне ықпал жасап, нәтижесінде Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттары құлдырады.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдардың
қандидаты,
Қызылорда «Болашақ»
университетінің профессоры.

ТИЛЕКТЕСТІК

Ресей әдеби сыйлығын алған қаламгер



Белгілі жазушы, дарынды драматург, жерлесіміз Жолтай Әлмашұлы Ресей Федерациясының «Золотое Перо Руси» ұлттық әдеби сыйлығының биылғы жылы Бисер Киров атындағы күміс сыйлығының иегері атанды.

Дүние жүзінің қаламгерлері қатысатын бұл ұлттық әдеби байқауға биыл да көп шығарма түсіп, талқыға салынды.

Міне, солардың арасынан қазақ қаламгерінің «Вечная элегия» атты орыс тіліндегі әңгімелер жинағы «Руханият» номинациясы бойынша ерекше аталып, байқаудың күміс жүлдесін бөктерді.

Мұны тек қана қарымды қаламгердің шығармашылық жетістігі емес, бүкіл ұлт әдебиетінің мәртебесі деп атағанымыз абзал.

Бір жылдары Жолтай Әлмашұлы облыстық «Сыр бойы» газетінде де қызмет еткен. Әлі күнге дейін Сыр елі басылымының жанашыры болып келеді.

Біз жерлес қаламгерді халықаралық марапатқа ие болуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Жерлесіміз – мемлекет басшысының баспасөз қызметінде



Президенттің Баспасөз қызметі тағы бір білікті кадрмен толықты.

Журналистиканың қазанында қайнаған, «Ақ жол Қазақстан», «Алматы ақшамы», «Ана тілі», «Егемен Қазақстан» секілді іргелі басылымдарда жұмыс істеп, қазіргі қалам ұстаған қайраткер ағалардың тәлімін алған Ержан Байтілес Президенттің Баспасөз қызметіне сектор менгерушісі болып орналасты.

Ержан журналистикадан бөлек қоғамдық-саяси өмірге де белсене араласты. Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының орынбасары қызметінде жүріп туған жердің де ыстық-суығын көрді.

Біз әріптесіміздің журналистикадағы, қоғамдық жұмыстағы тәжірибесі Президент Баспасөз қызметінің жұмысына өз септігін тигізеді деп ойлаймыз. Жұмысына табыс, шығармашылығына шалқар шабыт тілейміз, Ержан!

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы.

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ

Ғасыр биігіндегі мектеп

Арал ауданы Бөген елді мекеніндегі 3.Шүкіров атындағы №20 орта мектеп ғасырлық белестен өтті. Білім ордасының 100 жылдығы Қазалы, Арал ауданының өнерпаздары ұсынған мерекелік гала-концерттен бастау алды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Мерейтой аясында мектеп түлектерінің бастама-сымен салынған жаңа спорт алаңы пайдалануға берілді. Алаңның ашылу салтанатындағы құттықтау сөзінде Арал ауданы әкімі Мұхтар Оразбаев туған жерге тағзым жасап, өркендеуіне үлес қосқан мектеп түлектеріне ризашылығын білдірді. Елді мекен жастары арасында кіші футболдан өткен жарыс той енін аша түскен.

Салтанатты шарада мектеп ұжымына ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыс әкімінің орынбасары



Н.Байқадамовтың құттықтау хаты ұстаздарға Білім және ғылым министрлігінің алғыс

хаты тапсырылды. Түлектер мектебіне «Газель» автокөлігі мен теледидар сыйға тартты. Қонақтар мектептегі көрмені аралап, тарихи-өлкетану музеймен танысты.

ференцияда эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатыров, дәрігер Амангелді Суханберлиев, филолог-ғалым Манасбай Қожанов мектеп тарихы жайлы баяндама жасап, пайымды пікірлерін білдірді. Қаламгер Жұматали Әбдіраман құрастырған «Бөген мектебі ғасыр биігінде» деп аталатын тарихи-дерекнамалық кітаптың тұсауы берілді.

Кіелі білім шаңырағының ғасырлық мерейтойы ақын-жазушылармен қорытындыланды. Есімдері көпшілікке жақсы танымал ақындар бақ сынаған жыр додасында Бексұлтан Орынбасаров бас жүлде және Ай-дос Рахметов І, Қайрат Құлекешов ІІ, Виккожа Нұржігіт ІІІ орынды жеңіп алды.

Арал ауданы.

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫНА – 85 ЖЫЛ

Облысымыздың орман шаруашылығын дамытуға атсалысқан барлық еңбеккерлер Қызылорда облысында орман шаруашылығының құрылғанына 85 жыл толуына кенінен атап өтіп, 20 қазан – Орман шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесін лайықты табыстармен қарсы алып отыр.

Табиғат байлығын қорғаушылар

Орманшылар облыстың 6 млн гектардан астам мемлекеттік орман қорын қорғай отырып, оның көлемін ұлғайтуды, ағаш егумен, қала, аудандарда жасыл желек жасаумен, тұқымбақтар өсірумен белсенді айналысуда. Арал теңізінің тартылуы салдарынан жыл сайын 75 млн тоннаға дейін шаң мен улы тұзды жел көтеріп, оның тозаңы Еуропа мен Антарктидадан табылғаны белгілі. Соңғы 25 жылда Аралдың құрғаған табанына сексеуіл егіліп, өсіп шыққан орман аумағы 300 мың гектарға жетті. Осындай ауқымды зор жұмыстар атқарылған саладан зейнеткерлікке шыққан ардагерлер де айтулы мерекені бірге қарсы алып отыр.

Қызылорда облысының орман, аң және балық шаруашылығы саласы ардагерлерінің бастауыш ұйымы 2014 жылы құрылған. Негізін ұйымда осы салада қызмет атқарып зейнеткерлікке шыққан ардагерлер есепте тұрады. Қазір 29 ардагер бар.

жасалып, ардагерлердің суреттері ілінді.

Бастауыш ұйымда іс жүргізу жұмысы жолға қойылды. Ардагерлердің жеке падактары, жиналыс және кеңес мәжілісінің хаттамалары толтырылады.

Ұйым жиналысының қаулысымен 5 адамнан тұратын кеңес құрылған. Кеңестің басшылығын бастауыш ұйымның жұмысына басшылық жасап, Кеңес құрамына С.Ешмаханов, Е.Жұмағанбетов, С.Зиядинов, Т.Әлиев, М.Ибраев кірген. Кеңес мүшелерінің өзара міндет бөлінісі жасалып, әрбір кеңес мүшесі сол бойынша өз міндеттерін атқарып келеді. Атап айтқанда, С.Ешмахановқа жалпы басшылық жасап, бастауыш ұйым жиналыстары мен кеңес мәжілістерін өткізу, Е.Жұмағанбетовке мәдени-көпшілік, спорт шараларын ұйымдастыру, С.Зиядиновке ардагерлерге жолдамалар алып беріп, олардың демалыс орындарына баруын қамтамасыз етуді ұйымдастыру, Т.Әлиевке



кестеге сәйкес кезекшілік жасайды. Кезекшілік уақытында күнделікті келетін хат-хабарларды, келушілерді қабылдап, олардың өтініш-тілектерін, ұсыныс-пікірлерін тыңдап, тиісті жауаптарын береді.

Ұйым ардагерлерінің арасында жүргізілетін мәдени-көпшілік жұмыстарының іс-шара жоспары жасалып, оның орындалуы тұрақты бақылауға алынған. Биылдың өзінде іс-шара жоспарына сәйкес ардагерлердің Наурыз мерекесіне, көктемгі ағаш егу акциясына қатысуы, жыл сайын дәстүрге айналған Арыстан баб кесенесіне зиярат етіп қайту сапарын Жалағаш орман шаруашылығының бас орманшысы Ғани Жәнібеков өзінің тереңзектік әріптесімен бірге ұйымдастырып, ардагерлердің ризашылығына бөленіп батасын алды. Сондай-ақ, өткен жылдан бастап қалалық арда-

тәрбиелік мәні бар ауқымды шара өткізді. Шахмат-дойбыдан спорттық ойындар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, соңғы 3 жылда облыстық басқармаларға, облыстық, қалалық ардагерлер кеңесіне ұсыныстар беріліп, бірқатар ардагерлер түрлі марапаттарға ие болды.

Бастауыш ұйым баспасөзбен тығыз байланыста жұмыс жүргізуде. Ардагерлер М.Исмаилов, Т.Әлиев, К.Жаймағанбетов, С.Ешмахановтың баспасөз беттерінде қазіргі таңдағы Арал теңізінің тағдыры, оның өзекті мәселелері жөніндегі, жалпы орман, балық шаруашылығы саласындағы проблемалық жағдайлар туралы бірнеше көлемді мақалалары жарияланды. Алайда, баспасөзде ардагерлердің қоғамға қажетті көтеріңкі проблемалық ұсыныстарына құзырлы органдардан жауап беріліп, аяқсыз қалып отырғанын атап өткім келеді. Келешек олардың тарапынан дұрыс көзқарас қалыптасуды деген сенімдемеміз.

Ардагерлерінің ұйымшылдығын, ауызбіршілігін жақсартудың формалары мен әдістерін дамыту өзінің жақсы нәтижелерін беруде. Ұйымдағы ақсақал ардагерлеріміз үнемі ақыл-кеңестерін, ұсыныстарын айтып отырады.

Бастауыш ұйым өз жұмысында Елбасының, Мемлекет басшысының саясатын негізге ала отырып, оны түсіндіру, насихаттау, соған байланысты туындайтын мәселелерді, жастарға тәрбие беру, бастауыш ұйымның ықпалдылығын, жұмысын жетілдіру, ардагерлердің белсенділігін арттыру мәселелеріне ерекше мән беріп, осы бағытта жұмыс жасап келеді. Бұл жұмысты басты бағытымыз деп есептейміз.

Бастауыш ұйымның өткен жылғы есеп беру-сайлау жиналысы жоғары бағаға ие болды. Соңғы кезде бастауыш ұйымның жұмысы жөнінде көпшіліктен оң пікір естіп жүрміз.

Біздің бастауыш ұйымы жұмысына қолдау көрсетіп, тұрақты қамқорлық жасап келе жатқан облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына, оның аудандардағы бағынысты мекемелеріне, облыстық орман және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясына, облыстық және қалалық ардагерлер кеңесіне, «Сыр бойы» газетінің редакциясына алғыс сезімімізді білдіреміз!

Мақаланың соңында облыстық орман шаруашылығы қызметкерлерінің, ардагер әріптестерімізді Қызылорда облысында орман шаруашылығының құрылғанына 85 жыл толу және 20 қазан – Орман шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтап, отбасыларына амандық, бақыт, береке-бірілік, қызметтеріне табыс тілеймін!

С.ЕШМАХАНОВ, облыстық орман, аң және балық шаруашылығы саласы ардагерлерінің бастауыш ұйым кеңесінің төрағасы.

МЕРЕЙТОЙ

Халқымыздың аяулы да ардақты қызы, «Ақ Жайықтың ақ шағаласы» атанған танымал ақын, публицист, белгілі қоғам қайраткері, Мемлекеттік және «Алаш» халықаралық әдеби сыйлықтарының, «Құрмет» орденінің иегері Ақшұтпап Бактыгерееваның 75 жасқа толған мерейтойын бүкіл ел болып атап өтуде. Сондай ауқымды шаралардың бірі жақында Атырау қаласында мұнайлы өңір әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Қазақ поэзиясының «Ақ шағаласы»



Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында өткен «Ақ самал жыры Жайықтың» атты кешке өлеңсүйер қауым көп жиналып, залда ине шаңшар орын болмады. Есімдері елімізге танымал Ілия Жақанов, Алма Андарбаева, Есенғали Раушанов, Көпен Әмірбек, Роза Рымбаева, Сәуле Жанпейісова секілді қоғам қайраткерлері, әдебиет және өнер майталмандары қатысқан жыр кешінде алғашқы сөзді Атырау облысының әкімі Нұрлан Ногаев алып, ақына ұзақ ғұмыр мен шығармашылық табыстарға жете беруіне тілектестігін білдірді.

Кеште А.Бактыгерееваның публицистикасын зерттеп, ол туралы алғаш болып ғылыми еңбек қорғаған Нұрсұлтан Мықтыбай да жүрекжарды лебізін, ерекше құрметін жеткізді. Сыр халқының ыстық лебізі жазылған құттықтау хат табыс етті.

Кеште Н.Мықтыбайдың сөзіне жазылған Сәуле Жанпейісованың «Ақшұтпап – ақ шағала» атты әнінің тұсауы кесіліп, оны автор орындап берді.

Иә, қазақ поэзиясының «Ақ шағаласы» атанған ақын, халқының жоғын жоқтап, жастардың жанашырына айналған қоғам қайраткеріне қандай құрмет көрсетіледі де артық болмасы анық.

«СБ» ақпарат.

Оқырмандар конференциясы

«Тіл сақшысы» газеті – «Қазақ тілі» қоғамының үні, бұрынғы сөзбен айтсақ органы. Газет тіл, түрлен, дәстүр, мәдениет, бір сөзбен айтқанда руханият мәселелерін көтереді. Бірақ осымен шектеліп қалмайды, өресі биік оқырманға айналдығы құбылыстар мен оқиғаларды біліп отыру аз, оған саясат, экономика, әлеумет, басқа да салалардан сараптамалық дүниелер қажет.



Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында облыстық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 30 жыл толуына орай республикалық ақпараттық-танымдық «Тіл сақшысы» газеті оқырмандарының конференциясы өтті.

Конференцияны облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Маханов ашты. Жарыққа шыққанына 7 жыл толып отырған «Тіл сақшысы» газеті алғашқыда 500 да-намен тараса, қазіргі оқырманы 10 мыңнан асып, жылдан жылға көбейе түсуде. Газетті Нұр-Сұлтан қаласындағы зиялы қауым өкілдері, Парламент депутаты, сонымен қатар басқа облыстарда жаздырып алып оқиды. 7 жылда жеткен жетістіктер жайлы газеттің бас редакторы Сәдуақас Әбді-кадырұлы баяндап, оқырмандардың сауалдарына жауап берді.

Қандай іс болса да нәтижесімен құнды. Мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілін білуі, оларды оқыту, іс-қағазда-

рын мемлекеттік тілге көшіру біртіндеп жолға қойылып келеді. «Qyzyldogda» телеарнасымен бірлесіп жүргізілген «Тіл сақшысы» рейді жұмысының нәтижесінде 300-ден аса түрлі меншіктегі мекеме, халыққа қызмет көрсету орнының аты мен сыртық жарнама-сы өзгертілді. Бұған жергілікті басқару органдарымен бірлесіп іс-қимыл жасаудың нәтижесінде қол жетіп отыр. Осы бағыттағы жұмыс өз жалғасын таба бермек.

Конференцияда еңбек ардагерлері Рахым Әбілханұлы, Сәрсенқұл Жұмабаева, Ұлман Кемалдинова, Әжібай Жүсіпов, Жаксылық Майлыбаев, Тобаш Ембергенов, басқа да газет оқырмандары сөз алып, ұсыныстары мен жылы лебіздерін білдірді.

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалының бөлім басшысы Алтынбек Жарылқа-сынов құттықтау сөз сойлеп, «Алғыс хат» табыстады. Шара соңында газеттің белсенді оқырмандарына штаттан тыс тілші куәлігі берілді.

Ардагерлер Байқоңырда бас қосты

Жұлдызды қалашықта ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің жұмысын қамтамасыз ету басқармасының қолдауымен облыс ардагерлерінің семинары өтті.

Облыстың әр ауданынан келген делегация мүшелері алдымен №277 мектеп-лицейді аралап, мектеп директоры, аудандық мәслихат депутаты Жұмағұл Тілеуқабылованың ұстаздар мен шәкірттердің жетістіктері жайлы хабарламасына қанықты.

Осы мектепте Байқоңыр қаласы ардагерлер кеңесі ұйымдастырған «Қарттарым – асыл қазынам» атты семинарда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев шараның мақсатымен таныстырып, аға буынға қамқорлық, оның ішінде облыс әкімдігінің қолдауымен өткізіліп жатқан түрлі мәдени шаралар және басқа да игі істер жайында әңгімеледі.

ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің жұмысын қамтамасыз ету басқармасының басшысы

Жасұлан Абатовтың айтуынша, Байқоңыр қаласы, Төретам кенті және Ақай ауылында 1539 зейнеткер, 127 тыл ардагері тіркеуде тұрады. Еңбек ардагерлерінің 420-сы, тыл ардагерінің 48-і Байқоңыр қаласының тұрғындары. Сонымен қатар қалада 154 «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегері бар.

Келесі кезекте Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысының орынбасары Н.Адасев, ардагерлер Қ.Шапшапов пен Н.Ұлықпанұлы, Байқоңыр қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Т.Алмаханов және №277



мектеп-лицейінің жас маманы Қ.Темірханова тақырып аясында пікірлерін зерделеп, жүрекжарды жылы лебіздерін білдірді.

Семинар соңында оған қатысушылар қала көркемөнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашалады. Ардагерлер жұлдызды қалашықтың мәдени

орындарымен, қалалық ардагерлер үйінің жұмысымен танысты.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ.
Қармақшы ауданы.

Құттықтау!

Қадірлі достар, құрметті кәсіподақ мүшелері!

Сіздерді 10 қазан – Қазақстан Кәсіподақтары күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №303 Қаулысымен 2019 жылғы 22 мамырда Қазақстан Республикасы кәсіподақтары күні 10 қазан деп бекітілді. Кәсіподақтар күнін ресми мойындау кәсіподақтардың қоғамдағы рөлін нығайтуға, мәртебесін арттыруға жасалған қадам деп білеміз. Бүгінгі таңда кәсіподақтар қозғалысы еліміздің әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешу бойынша мемлекеттік органдардың белсенді де лайықты әріптесі болып саналады.

Әлеуметтік әділдік пен тұрақтылықты сақталуы жолында біздер, кәсіподақтар қызметін уақыт талабына сай жаңғырту, жетілдіру жолындамыз. Облыс кәсіподақтары аймағымыздың қоғамдық-саяси дамуына белсене араласып, жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, жұмыс жағдайын жақсарту, өмір сүру деңгейін көтеру мен әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз етуде аянбай еңбек жасауда. Қазірде аймақта 96 мыңнан аса жұмыскерлер кәсіподақ мүшелері болып табылады.

Құрметті әріптестер! Сіздерге мерекелі күнде зор денсаулық, қажымас қайрат, кәсіподақтардағы қызметтеріңізге талай табыс, отбасыларыңызға құт-береке тілеймін!

Ізгі тілекпен,
Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы С.СЕРМАҒАМБЕТОВ.

МУШӘЙРА

Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен «Қызылорда қаламгерлерінің қауымдастығы» ҚБ және «Сыр медиа» ЖШС таланти да тағдырлы ақын Әділ Ботпановтың 50 жасқа толу құрметіне арналған облыстық жыр мүшәйрасы өтетінін хабарлайды.

«Әділдің жыр әлемі – жүрегімде»

Мүшәйраның шарттары:

1. Мүшәйраға жасы 18-40 аралығындағы ақындар қатыса алады.
2. Олардың өлеңдері алдын ала арнайы комиссияның іріктеуінен өтеді. Іріктеуде жарамсыз деп табылған шығарма мүшәйраға жіберілмейді.
3. Шығармалар мүшәйра талабына сай болуы керек (талап осы анықтамда қоса беріліп отыр).
4. Мүшәйра жөніндегі 1, 2, 3-ші орынмен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады (сыйлық ақшалай).
5. Қазылар алқасы белгіленген орынынан немесе сыйлықтың санын еселеуге, керісінше қысқартуға құқылы.
6. Шығармалар мына мекенжайға қарашаның 15-не дейін түсуі тиіс:



Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 «А», «Сыр медиа» ЖШС ғимаратының 2-кабаты, 210-бөлме. e-mail: aiashuly_62@mail.ru

Мүшәйра талабы:

- а) Ақын 2 өлең оқиды (бірі – арнау, бірі – еркін өлең).
- ә) Қатысушының бірінші өлеңі тағдырлы ақын Ә.Ботпановтың болмысын ашуы тиіс немесе ол шығарма ақындық қасиетке арналады.
- б) Қатысушының киім киісі, өлең оқу мәнері, көрерменнен арақатысы, яғни, аудиторияны назар аударта білуі есепке алынады.

Ұйымдастыру алқасы.

ЕГІН – 2019

Бақыттың кілті – еңбекте

Егін жинау науқаны қызу жүріп жатқанда өңірдегі диқан қауымының жетістіктерін елге жария ету журналыста қауымының міндеті.

Міне, осы мақсатта Қармақшы ауданындағы қоймашы шаруашылықтардың бірі Дүр Оңғар ауылындағы «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Орынбасар Төлеповке телефон шалдым.

Амандық-саулықтан соң, күрші орағы жайында біршама әңгіме өрбіттік. Өзіме қажетті деректерді алған соң телефон тұтқасын қойдым. Арада бірер минут өтпей жатып, телефонным бөзілдеп қоя берді. Орекен екен.

– Ертең қолың бос болса, біздің ауылға кел. Еңбек адамдары жайлы дерек жинап жүрмін деп ең, сені сол еңбек адаммен таныстырайын. Біздің ауылда Еңбек Ері Қасымтай Ізтілеуов әкеміздің ізбасары тұрады, – деді.

Ертесіне Дүр Оңғар ауылына, қырман басына келдім. Тау-тау болып үйілген Сыр маржанын қырманшылар агрегатпен тазалап, қоймаға тасуда. Егістік басынан тіркелерін жеккен көліктер кезекке тұрып өнімді таразыға тартып жатыр. Қайнаған қызу тірілік.

Серіктестік басшысы О.Төлепов хатшыға «Төлеулі шакыр» деді. Өңгімелесіп отырғанда есікті қағып, ішке орта жастағы бір аяғын сылттыр басқан кісі кірді. Бір аяғы протез екенін байқадым.

– Міне, мен айтқан Төлеу

батыр ағамыз осы. Сендерге келер күнінде жиналған ағамызды көргенде жиналған жұрт ду қол шапалақтапты. Мінберге шыққанға дейін және Үкіметтің ең жоғары наградысын омырауына тағып, орнына қайта жеткенше орындарынан тұрып құрмет көрсеткен екен.

Төлеу ағамыз маған жымия қарады да, әңгімесін бастап кетті. Жас кезінде Жосалыдан жолаушылар бара жатып вагон табалдырығына аяғын сала бергенде тайып кетіп поездің



донғалағы кесіп түседі. Бірнеше ай үйінде жатады. Жұмыс істейін десе жарымжан аламды ешкім алмайды. Шарасыздығы жанына батады. Әсіресе, үйде бір өзі қалғанда егіс басына кетіп бара жатқан тракторларды көріп, пешенесіне жазған тағдырына қондықпеннен басқа амал жоқтығын ойлайтын.

Алайда, жігерін қайрап, аяғына протезін киіп, ауыл орталығындағы «Машдворга» келді. Бұл 1989 жыл болатын.

Бұрынғы бригадирі Келбай Әбжәлиев пен механик Онтаулап Ахметовке кездесіп, ойын айтты. Талабын қуана құп алған екі ағасы жуық арада жұмысқа қабылдауға уәде берді. Бұл уақытта шаруашылықты Болатбек Сүлейменов басқаратын-ды. Төлеудің ойын естіген

шаруашылықта трактор айдауға арнап келемін. Бірер жыл үйде отырып қалғаным болма. Еңбегім шаруашылық басылары тарапынан еленіп, бірнеше рет озаттар қатарынан көрінді. Болатбек деген інім екеуіміз «Малотка» тракторын айдап жүрміз. Жұмыс көп, күршіткікке су берер кезде каналдарды аршып, суды жібергенде қайта бөгейміз. Егін жинау науқанында қырман басындағы барлық жұмыстар екеуіміздің міндетіміз. Бүгінгі басым Орынбасар Төлепов те мені жарымжан деп мүсіркемей, жауапты жұмыстарды атқаруға жұмсайды. Өрине, ол міндеттелген тапсырмаларға жауапкершілікпен қарайтын-ды ма сенді. Жастар жағы да еңбегіме құрметпен қарайды. Жарым да менің бұл өміріме үйренген. Алғашқыда аяушылық білдіріп, маған жұмысты қоюды айтатын. Кейін кері қайтпасдымы білген соң, көнді, – деді Төлеу аға.

Өнегелі өмір және еңбек жолымен ауылдастарына, сонымен бірге жастарға үлгі болған Төлеу Жабағиев – сала майталманы. Бақыт пен берекені еңбек еткенге жақын тұрады. Өңгімені тәмамдаған соң сыртқа шықтық. Протез аяғын бір қолымен демеп тракторын от алдырған ол қол бұлғап, жұмысына қарай жүріп кетті.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ.
Қармақшы ауданы.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ LATYN QARPIN ÜIRENEMIZ

Құрметті оқырман!

Облыстық «Сыр бойы» және «Ақмешіт жастары» газеті жалпыхалықтық латын қарпіне үйретуді бастады. Бүгін сабақтың – он алтыншы күні.

Сонымен Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы мамандарының Қазақ әліпбиінде латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында дайындалған «Жаңа қазақ әліпбиінде жазуға дағды қалыптастыратын жұмыс дәптерін» белсенді орындауға шақырамыз. Ұсынылған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйретеді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Берілген тапсырмалардың жауаптарын tilortalyk_kzl@mail.ru (тел.: 70-06-81) электронды поштасына жолдап, марапатқа не болыңыздар!

Құрметті оқырман!

Qyzylorda oblysynyñ tilderdi oqyty ortalygy mamandarynyñ Qazaq әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен

kóshiry jónindegi respýblykalyq is-sharalar josparyn júzege asyry maqsatynda daiyndagan «Jańa qazaq әліпбиінде жазуға дағды қалыптастыратын жұмыс дәптерін» белсенді орындауға шақырамыз. Ұсынылған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйретеді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Berilgen tapsyrmalaryñ jaýaptaryn tilortalyk_kzl@mail.ru (tel.: 70-06-81) elektronny poштасына joldap, marapatqa ne bolynyzdar!

Aty-jóni: _____

Nn

1. Арипти жазуың. N _____

n _____


2. Sózderdi oqyñyz. Qajetti әripti jazýñyz. a, aybahana, aybahanashy, aryq, azaǵai, urlan, óser, amys, ar, arǵyz, urbaný, esibel, ala, ursultan, aýryz.

3. Sólemdi kóshirip jazýñyz. Nurlan men Mirat Narynqolǵa baryp konsert qoidy.

Nurǵazy men Nurǵisa bayyrlyr.

Aspanda naizaǵa jarqyldap, nóserletip janbyr jaıdy.

4. Sýretterdi sipattap sózben jazýñyz.



5. Sýretti sipattañyz.

